



Алхан Бóкеіхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOG'AY AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан  
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 29 (7971) 16 тамыз, Жұма 2024 жыл

aktogai\_red@mail.ru



## Берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етейік

Мемлекет басшысы әр Жолдауында өскелең ұрпақ тәрбиесі, білім саласына ерекше назар аударып келеді. Осының ішінде ұлт болашағын тәрбиелеп отырған адам ретінде жолдаудағы білім саласына қатысты көптеген реформаларды қолдап, білімді ұрпақты ел болашағының тірегі етіп шығарудағы міндетіміз артты. Мұғалім мәртебесінің біршама арттырған президентімізге алғысымызды білдіре отырып алдағы уақытта болатын жағымды өзгерістерге дайын екенімізді сезініп отырмыз. Өзгеріс елімізді өркендеу мен жаһандануға әкеледі.

Қ.Тоқаев айтқандай «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет екені ақиқат. Саннан сапаға, сападан нәтижеге жету әр адамның алдына қойған мақсаты болса, еліміздің дамуы да нәтижелі болмақ.

«Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті, өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты

бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім

алуына мүмкіндік туады», – деген Президент бастамасы кәсіби таңдау дағдысы қалыптасқан түлектерінің жоғары білім алуына үлкен септігі тиері анық.

«Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы» деді. Қ.Тоқаев. Қазақ «Тәрбие тал бесіктен» деп дөп басып айтқан. Отбасылық құндылықтар мен ғылымды, білім саласындағы заманауи техникалық базаны жасанды интеллектпен ұштастырсақ ұрпағымыздың болашағы жарқын болары сөзсіз.

Мемлекетімізін басшысы айтқандай берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, Отанымызды көркейтп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табыстасак, бабалар аманатына адалдық деген – осы болмақ.

**Айсұлу Кабдынова,**  
аудандық мәслихат депутаты,  
Ортадересін ауылы.

## Дамуға жаңа бағдар

*Жолдау – елдегі саяси маусымның бастауы ғана емес, мемлекет дамуының жаңа бағыт-бағдарын айқындайтын елжүлі оқиға.*

*Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, біз аз ғана уақыт ішінде елімізде бірегей саяси реформаларды сәтті іске асырдық. Ал жаңа кезеңде аталған өзгерістерді экономикалық-әлеуметтік бастамалармен бекемдей түсудің маңызы зор. Жолдауда күрделі мәселелерге нақты шешімдер ұсынылды. Әсіресе, су мәселесі мен көлік-логистика саласындағы проблемаларға ерекше назар аударылды. Президентіміз аталған бағыттардың маңызын ескере отырып, қордаланған мәселелердің жүйелі шешімі ретінде жаңа министрліктер құру туралы бастама көтерді. Бүгін тиісті Жарлыққа қол қойылғанын баршаңыз жақсы білесіздер. Президентіміз АЭС салу мәселесін де назардан тыс қалдырған жоқ. Бұл жерде Мемлекет басшысы ұлтымыздың қасиетті тарихи тәжірибесіне және бүгінгі қоғамдық пікірге ерекше назар аударып отырғанын байқадық. Сондықтан, Қасым-Жомарт Кемелұлы аталған мәселені жалтыұлттық референдумға салу туралы ұстанымын жария етті. Мұндай ашықтық және халықтық шешімді биік қою қағидаты азаматтар тарапынан қызу қолдау тауып отыр.*

**Ғ.Қожамбаев,**  
аудандық мәдени бос уақыт өткізу орталығының директоры.

## Ақтоғай ауданында жаңа әкім

Бүгін облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын Ақтоғай ауданында жұмыс сапармен болып, аудан әкімі аппаратымен кездесіп, өңірдің жаңа әкімін таныстырды. Бұл міндет Аманжолов Абылай Базылұлына жүктелді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайланатынын мәлімдеген болатын. Өткен жылы пилоттық режимде еліміздің 3 қаласы мен 42 ауданының әкімдері сайланды. Мұндай талап-міндет өркенітке, демократиялы қоғамға қол созған реформалардың жемісі. «Осы бастама елімізді демократияландыруға және жергілікті басқару институтын нығайтуға елжүлі үлес қосады деп сенемін. Түптеп келгенде, аудандарда сайлау өткізу – халық билігін орнатуын айқын көрінісі болмақ» деген еді Қ.Тоқаев бір сөзінде.

Жиынды ашып, жүргізген облыс әкімінің орынбасары Е.Құсайын: – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының саяси жүйені жаңғырту бойынша қабылдаған шешімінің жалғасы ретінде 11 тамыз күні Ақтоғай ауданында өкім сайлауы өтті. Осы науқанда Ақтоғай ауданының тұрғындары жоғары белсенділік танытып, мызғымас бірлігін көрсетіп, ауданның жарқын болашағы үшін өз таңдауларын жасады. Аудан әкімдерін тікелей сайлау – жалпы өзін-өзі басқару жүйесінің маңызды бөлігінің бірі. Сондықтан, аудан әкімін тікелей сайлаудың нәтижесі өте маңызды, – деді.

Сөз алған Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркенов аудан әкімі сайлауының қорытындысын хабарлады. Мұнда 4698 сайлаушы дауыс беруге келген. 2997 сайлаушыдан қолдау тапқан Абылай Аманжолов «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», ҚР Конституциялық заңына сәйкес Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының қорытындысы бойынша басым дауыспен жеңіске жеткенін

баяндады.

Облыс әкімінің орынбасары Е.Құсайын Абылай Базылұлына аудан әкімінің куәлігін табыстап жаңадан сайланған өңір басшысына дамудың барлық макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша оң параметрлерге қол жеткізуді тапсырды.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов, «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков жаңа қызметінде кіріскен аудан әкіміне сәттілік тіледі.

Аманжолов Абылай Базылұлы 1984 жылы Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келген. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша, «Фемида» заң академиясын заңтану мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын Ақтоғай ауданы өкімі аппаратында бас маман болып бастаған. Әр жылдары Балқаш қаласының «Қазақмыс» корпорациясында экономист, Ақтоғай аудандық Халық банк бөлімшесінде менеджер, аудандық жастармен жұмыс жасау орталығының директоры, Қарағанды облыстық олимпиадалық резервті дайындау орталығында менеджер, Абай қаласы өкімі аппаратының бас маманы, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы болып жұмыс істеген. 2017 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Ақтоғай ауданы өкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Жиынға аудандық мәслихат төрағасы Рашид Абеуов, аудандық мәслихат депутаттары, мекеме, бөлім басшылары мен кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Өз тілшімізден.

# ТРУДОВЫЕ ПРАВА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Государственные служащие играют ключевую роль в функционировании государственной системы Казахстана, обеспечивая выполнение государственных функций и услуг.

Права государственных служащих регулируются различными законодательными актами, включая Конституцию, Трудовой кодекс, Закона «О государственной службе Республики Казахстан» и другие правовые акты, которые обеспечивают не только правовую базу для защиты и реализации их трудовых прав, но и охватывают широкий спектр аспектов, направленных на их профессиональное развитие и благосостояние.

Основные положения о трудовых правах государственных служащих включают:

Право на труд когда государственные служащие имеют право на свободный выбор труда и на справедливые условия труда, в том числе на безопасные и здоровые условия работы, равно как и все граждане.

Режим рабочего времени и времени отдыха. В соответствии с действующим законодательством для государственных служащих устанавливается нормальная продолжительность рабочего времени. Также предусмотрены перерывы для отдыха и питания, выходные и праздничные дни, а также ежегодные оплачиваемые отпуска.

В настоящее время Агентство по делам государственной службы является уполномоченным государственным органом осуществляющим мониторинг соблюдения режима рабочего времени государственными органами. Данное нововведение является одним из важных направлений деятельности нашего Агентства, поскольку мониторинг рабочего времени государственных служащих является важным элементом управления персоналом и повышения эффективности работы государственных органов.

Заработная плата. Государственные служащие имеют право на получение заработной платы в соответствии с занимаемой должностью. Заработная плата выплачивается регулярно и в полном объеме.

Профессиональное развитие и обучение. Государственные служащие имеют право на повышение квалификации, переподготовку и дополнительное образование. Государство обеспечивает условия для их профессионального развития.

К примеру, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан играет важную роль в подготовке квалифицированных кадров для государственной службы. Широкий спектр образовательных программ и курсов, инновационные методы обучения и практическая направленность делают Академию ключевым учреждением в системе профессионального образования государственных служащих в Казахстане.

Также можно привести в качестве

примера программу «Болашак», которая направлена на обучение граждан в ведущих зарубежных учебных заведениях с целью подготовки высококвалифицированных специалистов для различных отраслей экономики, включая государственную службу.

Важно отметить, что государственные служащие, поступающие в Академию или участвующие в программе «Болашак», имеют право на сохранение рабочего места на период обучения и получить образование абсолютно бесплатно за счет государства.

Трудовая дисциплина и ответственность. Государственные служащие обязаны соблюдать трудовую дисциплину, выполнять свои должностные обязанности в соответствии с законодательством нарушение которых может привести к дисциплинарной ответственности.

Защита трудовых прав. Государственные служащие имеют право на защиту своих трудовых прав и законных интересов, который включает право на обращение в судебные и другие органы для разрешения трудовых споров.

Агентство по делам государственной службы играет ключевую роль в организации и управлении государственной службой. Его деятельность направлена на обеспечение соблюдения норм и стандартов, защиту прав интересов государственных служащих, а также на повышение эффективности и прозрачности работы государственных органов.

Департаментом Агентства по Карагандинской области на постоянной основе идет конкретная работа в данном направлении. Департамент на постоянной основе осуществляет контроль за соблюдением правил и стандартов государственной службы который включает мониторинг соблюдения законодательства, правил этики и профессионального поведения, занимается защитой прав государственных служащих в случае нарушений со стороны работодателей. Это включает консультации, предоставление правовой помощи и защиту интересов в судебных и административных процессах.

В целом необходимо отметить, что система трудовых прав государственных служащих в Казахстане направлена на обеспечение справедливых условий труда и социальной защиты государственных служащих. Эти права способствуют не только защите интересов самих государственных служащих, но и повышению и качества государственной службы в целом. Соблюдение и реализация этих прав является важным аспектом устойчивого развития государственной службы в Республике Казахстан.

**Ж. Сарсен,**

**Руководитель Департамента  
Агентства по делам  
государственной службы  
по Карагандинской области,  
председатель совета по этике.**

## Ақтоғай ауданы Ортадересін ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9 тармақшасына, 45-бабына, 113-11 бабының 1- тармағына сәйкес, 2024 жылғы «04» тамызда өткен Ақтоғай ауданы Ортадересін ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиялары, аудандық сайлау комиссиясының хаттамаларының негізінде Ортадересін ауылдық округінің әкімін Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы тіркеді.

1) Қрқруов Сейтқали Бейсембайұлы, 1964 жылы туған, Ортадересін ауылдық округінің әкімі, Ортадересін ауылдық округінің тұрғыны (тіркелген күні: 06.08.2024 жыл).

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

### СООБЩЕНИЕ

#### о регистрации избранного акима Ортадересинского сельского округа Ақтоғайского района

В соответствии с подпунктом 9 статьи 14, статьей 45, пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» на основании протоколов участковых избирательных комиссий Ақтоғайской районной избирательной комиссии об итогах выбора акима Ортадересинского сельского округа Ақтоғайского района Карагандинской области, состоявшихся 4 августа 2024 года, на основании решения Ақтоғайской районной избирательной комиссии зарегистрирован аким Ортадересинского сельского округа.

1) Қрқруов Сейтқали Бейсембаевич, 1964 года рождения, Аким Ортадересинского сельского округа, проживает в Ортадересинском сельском округе (дата регистрации: 06.08.2024 год).

Ақтоғайская районная избирательная комиссия.

#### Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының сайланған әкімін тіркеу туралы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының хабарламасы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімі сайлауының қорытындылары туралы, учаскелік сайлау комиссиялары, аудандық сайлау комиссиясының хаттамаларының негізінде Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы Аманжолов Абылай Базылұлы, 1984 жылы туған, Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылының тұрғыны, Ақтоғай ауданының әкімінің орынбасары қызметін атқарған, 2024 жылы 11 тамызда өткен сайлау қорытындысы бойынша Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының әкімі болып тіркелді.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

#### Сообщение Ақтоғайской районной избирательной комиссии о регистрации избранного акима Ақтоғайского района Карагандинской области

В соответствии с подпунктом 9) статьи 14, статьей 45, пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» на основании протоколов участковых избирательных комиссий и протокола районной избирательной комиссии об итогах выборов акима Ақтоғайского района Карагандинской области, состоявшихся 11 августа 2024 года, Ақтоғайская районная избирательная комиссия зарегистрировала Аманжолова Абылай Базылұлы, 1984 года рождения, проживающего в селе Ақтоғай Ақтоғайского района, работавшего заместителем акима Ақтоғайского района, акимом Ақтоғайского района Карагандинской области .

Ақтоғайская районная избирательная комиссия.

## Мақсат – жемқорлықты жою

Жемқорлықпен күрес бүгінде мемлекеттік түйткілді мәселеге айналып отыр. Адам баласына жат қасиеттің алдын алу мақсатында аудан бойынша жоспарлар бекітіліп, жүйелі түрде жұмыстар атқарылып келеді. Аудан халқының ертеңі үшін, өскелең ұрпақ алдында еңсемізді биік ұстау үшін, бұл кеселді түп тамырымен жою мақсатында аудандық жастар ресурстық орталығының ұйытқы болуымен түрлі іс шаралар атқарылуда. Ел экономикасының өсіп-өркендеуіне өрескел кедергі келтіретін жемқорлықтың алдын алуда аудан әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі аумақтық комиссияның отырыстары жиі өткізіліп тұрады.

Таяуда жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ауыл

тұрғындарына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, таратпа қағаздары таратылды.

«Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек», – демекші адалдық ардың ісі екендігін көрсете отырып, қоғамдық кеселге қоғам болып күш біріктіріп, қызмет жасау еліміздің әрбір азаматының адамдық борышы.

**Н.Өміржанова,**  
**Аудандық жастар ресурстық  
орталығының бас маманы.**



рылып жатқан іс-шаралардың барлығы ауыл тұрғындарының талап-тілектерін ескере отырып жасалған. Қасиетті ауылдың тарихы той үстінде тарқатылып, тағылымды шаралар жалғасын тапты. Дүбірлі тойдың басы округ әкімдігі ғимаратына алғашқы директоры Қауаз Мұқажановқа арналған мемориалдық тақтаның

бас имамы Жүніс Әбділдаулы қатым Құран түсірді. Ақтоғай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Серік Қабылұлы көпшілікті мерейтоймен құттықтады. Мерейтой қарсаңында Мұхтарбек Шоқанов пен Манарбек Ибраһимнің «Ақсеңгір – қайнар бұлағым» тарихи-танымдық естелік кітабы және Еркін Аяғанның «Жамшы тарихы» тарихи-деректік

(Қызыларай), II орын Айбол Әбдікәрім (Ақтоғай ауданы), I орын Бекслан Сатыбалдинге бұйырды. 82 келідегі балуандар сайысы да ұзаққа созылды. Бұл белдесуде III орынға Ержан Теміржанов (Балқаш қаласы), II орынға Мағди Дүйсетай (Қарқаралы), I орынға Саяхат Мәжкен (Ақтоғай ауданы) табан тіреді. Қарсыластарынан басым

# Жазиралы Жамшының тойы

Ақтоғай ауданындағы Нүркен ауылының құрылғанына – 50 жыл толуына орай, ауыл халқы бірігіп, ұланасыр той жасады. Той аясында жұртшылық көп шоғырланатын аумақтар абаттандырылып, жаңарту жұмыстары жүргізілді. Әуел баста Жамшы атанған жазиралы мекеннің саябағында киіз үйлер

ашылу салтанатымен басталды. «Жамшы» кеңшарының іргетасын қалаған алғашқы директор Қауаз Мұқажанұлы туралы замандастары естелікпен бөлісіп, ақжарма тілегін жеткізді. – Қауаз Мұқажанұлы – Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, есімі «Қазақ жерінің зиялы азаматтары»



атты кітабына енген тарихи тұлға. «Халықтар достығы» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», тағы басқа медальдардың иегері. КСРО АШМ шешімімен республика ғалымдарымен бірлесіп «Дегерес» қой тұқымының авторы, – деді Қауаз Мұқажановтан кейін директор қызметін атқарған, мемлекеттік қызмет ардагері Мейірхан Тәтибеков. Бұдан кейін той аясында жөндеуден өткен «Шопан ата» ескерткішінің ашылу салтанаты өтті. Сонымен қатар, Нүркен ауылдық округінің әкімі Жантемір Құдайбергенов, той ұйымдастыру алқасының төрағасы, ақын Бақытжан Әрінов құттықтау сөзін жеткізді. Жеке кәсіпкер Талғат Серменов пен Мейрамгүл Қуатбекова 1 миллион теңге тұратын толық комплектілі музы-

калық аппаратураны ауылдық мәдениет үйіне сыйлады. Аймақтық «Балқаш өңірі» газеті ақпараттық қолдау көрсетті. Мерейлі тойдың екінші күні «Жамшы» асыл тұқымды қой өсіру кеңшарында алғашқы құрылған күннен бастап еңбек еткен марқұмдарды, батыр бабаларды, көрнекті тұлғаларды еске алып, аруақтарға құран бағыштаумен басталды. Нүркен ауылдық округінің

атты кітабына енген тарихи тұлға. «Халықтар достығы» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», тағы басқа медальдардың иегері. КСРО АШМ шешімімен республика ғалымдарымен бірлесіп «Дегерес» қой тұқымының авторы, – деді Қауаз Мұқажановтан кейін директор қызметін атқарған, мемлекеттік қызмет ардагері Мейірхан Тәтибеков. Бұдан кейін той аясында жөндеуден өткен «Шопан ата» ескерткішінің ашылу салтанаты өтті. Сонымен қатар, Нүркен ауылдық округінің әкімі Жантемір Құдайбергенов, той ұйымдастыру алқасының төрағасы, ақын Бақытжан Әрінов құттықтау сөзін жеткізді. Жеке кәсіпкер Талғат Серменов пен Мейрамгүл Қуатбекова 1 миллион теңге тұратын толық комплектілі музы-

кітабының тұсауы кесілді. Жазба ақындар арасында «Аяулы Жамшы мекенім» тақырыбында өткен мүшәйра жеңімпаздары марапатталды. Отыз ақынның ішінен іріктеліп шыққан ақын Мүсіркеп Сейдахмет I орынды, Саят Тұяқбаев пен Айдын Байыс II орынды, Қуаныш Аманқұлов, Ардақ Игенова, Манарбек Ибраһим

түскен Саяхат Мәжкен бас балуан атанып, бәйгеге тігілген мотоциклді еншіледі. Аламан бәйгеде 17 ат жарыс жолына шықты. Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округі, Жидебай ауылының қос бірдей аты бәйге алдынан көрінді. Ержан Жүнісовтің «Томирис» атты тұлпары мәре сызығын бірінші кесіп, 1 млн. теңгені еншіледі. Екінші орынды



III орынды еншіледі. Сондай-ақ, арнайы сыйлықты Жандос Түсенов қанжығасына байлады. «Жамшы» триосының орындауында Манарбек Ибраһимнің «Перзентімін Жамшының» әні мен Ардақ Игенованың «Нүркен батыр мектебі» атты жаңа әнінің тұсауы кесілді. Жаңа туындыны әнші Ринат Қонақбай шырқады. «Тоқырауын толқыны» ансамблі көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Арқаның толағайлары қазақ күресінен сынға түсіп, мықтыны анықтады. Нәтижесінде, 74 келі салмақ дәрежесінде III орын Нұрмұхаммед Ботбай

Мәдікен Сексенұлының «Қазына» атты арғымағы 500 мың теңгені иеленді. Үшінші болып, Жаңаарқа ауданының Бидайық ауылынан келген Нұрсұлтан Кұлмановтың «Сүлікқара» атты сәйгүлігі 300 мың теңгені қанжығасына байлады. Төртінші орын Ақадырдың атынан қатысқан Нұрбол Қоймановтың «Самал» есімді жүйрігіне бұйырды. Айтулы істің басы-қасында жүрген ауыл азаматтарына, мекеме ұжымдарына арнайы Алғыс хат табысталды.

**Нұрдос КӘРІМ,  
Жамшы ауылы.**









